

ҚОРДЫҢ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ

ЖЕТЕКШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІКТЕРДЕН РЕЙТИНГТЕР АЛУ ҚОРДЫҢ КРЕДИТТІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒАЛАУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Агенттіктер мұқият бағалау үшін бүкіл қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады. Олар сондай-ақ Қордың индустрияландыру мен қаржылық тұрақтылыққа бағытталған Қазақстан экономикасындағы маңызды рөлін атап көрсетеді.

2023 жылғы 6 қарашада S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі Қор рейтингі бойынша «тұрақты» болжамды растады және Қордың «BBB-/A-3» деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін, сондай-ақ «KZAAA» ұлттық қазақстандық шкаласы бойынша рейтингін растады.

2023 жылғы 9 қарашада Moody's «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингін Baa2 деңгейінде растады, болжам – «оң».

2023 жылғы 21 қарашада Fitch «Самұрық-Қазына» АҚ рейтингтерін «BBB» деңгейінде растады, болжам «тұрақты».

РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІК 2023 ЖЫЛ



Қордың қаржылық нәтижелері 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 12 айдағы деректерге негізделген және алдыңғы екі жылдағы деректермен салыстырылған. Төменде Қор тобы қызметінің шоғырландырылған көрсеткіштерін көрсететін қаржылық ақпаратты қамтитын кесте берілген.

ҚОР ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
Көрсеткіш	2021	2022 ⁵	2023
Шоғырландырылған түсім, млрд теңге (мемлекеттік субсидияларды есептемегенде)	11 710	14 815	15 434
Активтер, млрд теңге	30 310	33 631	36 926
Меншікті капитал, млрд теңге	17 173	19 793	21 737
Акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда, млрд теңге	1 629	1 927	1 698
ЕБИТДА (операциялық), млрд теңге	2 856	3 241	3 543
ЕБИТДА Margin (%)	24,4	21,9	23,0

⁵ 2022 жылғы барлық қаржылық көрсеткіштер қайта есептелген және 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептіліктен алынған

2023 жылы шоғырландырылған түсім сомасы

15,4

трлн теңге

Қор Қазақстан Республикасының бюджетіне

1 708

млрд теңге

сомасына салықтар мен төлемдер төледі

ЕБИТДА (ОПЕРАЦИЯЛЫҚ) ЖӘНЕ ЕБИТДА MARGIN КӨРСЕТКІШТЕРІ 2023 ЖЫЛЫ ТИІСІНШЕ 3 543 МЛРД ТЕҢГЕНІ ЖӘНЕ 23% ҚҰРАДЫ, ДӘЛ СОЛ УАҚЫТТА 2022 ЖЫЛЫ БҰЛ КӨРСЕТКІШТЕР 3 241 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ЖӘНЕ 21,9%-ҒА ТЕҢ БОЛДЫ.

2023 жылы шоғырландырылған түсім сомасы 15,4 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштерден 0,6 трлн теңгеге немесе 4%-ға асып түседі. Көптеген сегменттерде 2023 жылы өткен жылмен салыстырғанда түсімнің өсуі атап өтілді, атап айтқанда: шикі мұнайды сату (+29 млрд теңге), жүк теміржол тасымалы (+391 млрд теңге), газды қайта өңдеу өнімдерін сату (+92 млрд теңге), мұнай мен газды тасымалдау (+24 млрд теңге), әуе тасымалы (+57 млрд теңге),

электр кешені (+106 млрд теңге), телекоммуникациялық қызметтер (+49 млрд теңге), алыс-беріс мұнайын қайта өңдеу (+44 млрд теңге), электр энергиясын тасымалдау (+13 млрд теңге) және жолаушылар темір жол тасымалы (+15 млрд теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың шоғырландырылған активтері 36,9 трлн теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 3,3 трлн теңгеге

немесе 9,8%-ға ұлғайды. ЕБИТДА (операциялық) және ЕБИТДА margin көрсеткіштері 2023 жылы тиісінше 3 543 млрд теңгені және 23% құрады, дәл сол уақытта 2022 жылы бұл көрсеткіштер 3 241 млрд теңгеге және 21,9%-ға тең болды. 2023 жылы Қор Қазақстан Республикасының бюджетіне 1 708 млрд теңге сомасына салықтар мен төлемдер төледі. 2023 жылы жалпы және әкімшілік шығыстар 526,4 млрд теңгені құрады.

Қордың қарызы және ЕБИТДА, (шоғырландырылған)

2023 ЖЫЛДЫҢ СОҒЫНДА ҚАРЫЗ/ЕБИТДА АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ 1,75 ҚҰРАДЫ, БҰЛ ЕБИТДА ӨСІМІ МЕН ҚАРЫЗДЫҢ ТӨМЕНДЕУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЫЗДЫҢ 7 872 МЛРД ТЕҢГЕ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕУІ ҚОР ТОБЫНЫҢ ҚАРЫЗДЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ЖОСПАРЛЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ БОЛДЫ.

2023 жылдың соңында Қор тобы қызметінің көрсеткіштері/ЕБИТДА арақатынасының көрсеткіші

1,75

ҚОРДЫҢ ҚАРЫЗЫ ЖӘНЕ ЕБИТДА, (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН), МЛРД ТЕҢГЕ

